

1 - б о л і м ТАРИХ

Раздел 1 ИСТОРИЯ

А. Абаған

КОРЕЯ МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

Қытай сыртқы саясатында Кореяның алатын орны айрықша деп айтсақ артық кетпейміз. Қытайлар қолдарындағығы бар мүмкіндіктерді сарқа пайдалана отырып, Кореяны бағындырып алуға ұмтылып баққан еді. Осынау басқыншылық саясатта жаңа замандағы Цинь империясының өктемдігі басқаларға қарағанда басымдығымен ерекшеленеді.

Маньчжур жаулап алушылары көздеген басты мақсат – Корей түбегін отарлау болғандығы бәрімізге мәлім. 1627 және 1636 жылдары Корей түбегіне екі рет басқыншылық жорық жасалды және осы өктемдіктер өз кезегінде аталған елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына өзінің кері әсерін тигізеді. Бұл кезеңде Корея 1592 және 1598 жылдар аралығындағы Жапониямен болған соғыстан әлі есін жинай қоймаған болатын. Бірақ соған қарамастан корей халқы маньчжур жаулап алушыларына батылдықпен қарсы тұра білді. Алайда, халқының жауға қарсы жанкештілігіне қарамастан, 1637 жылы Корей үкіметінің Қарулы күштері қаруларын тастап, тізе бүгетіндіктері (капитуляция) туралы келісімге қол қоюға мәжбүр болады /1,3 68/.

XVII ғасырдың ортасында Қытай мен Кореяның өзара қарым-қатынасы Цинь империясына дейінгі вассалитет формасына қайта оралды. Сол кезден бүгінге жеткен Қытайдың ресми құжаттарында Қытай «Үлкен», «Ұлы» мемлекет болса, Корея «Кіші», «Қызмет етуші» мемлекет ретінде көрсетілген. Корея Қытай жыл санауын мойындап, жыл сайын елшімен бірге салық жіберіп отыруды қалыптасқан дәстүрге айналдырғаны да айтылады ол құжаттарда /3, 65/.

Жоғарыда айтылған, Корей және Қытай елдері арасындағы байланыстарына қарап отырып, XVII соңы мен XIX орта шеніне дейінгі

кезеңге баламалы (номинальды) вассалитет деп сипаттама беруге болады. Егер де, Қытай Кореяның тізе бүгіп, құрмет көрсеткенін қанағат тұтса, Корея осы арқылы өз елінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған. Жапониямен болған соғыстан кейін Корей үкіметі оқшаулану саясатын ұстанғаны да тарихтан мәлім. Бұл саясатты Корея жеңіл түрде Цинь империясына қатысты да ұстануға тырысып бағады. XVIII ғасырдың басында Цинь империясы бір жақты түрде Кореямен екі арада шекара белгісін орнатады. 1712 жылы Цинь империясының өкілі Пэктусан тауына көтеріліп, таудың оңтүстік шығыс бөктерінде шекаралық тас орнатып, осы тас белгі екі ел арасындағы шекара сызығының белгісі болады деп хабар таратады. Бірақ сол кездің өзінде-ақ Корея аталған шекара белгісін мойындамаған болатын /4/.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында қытай–корей байланысында ешқандай оғаш оқиғалар тіркелген жоқ. Екі елдің үкіметі өзара елші алмасып, алым-салық төлеумен болады. Ешқандай трихи өзгерістер орын алмағанымен, екі тарап арасындағы сауда-саттықтық қарым-қатынаста дамудың тұрақты түрдегі қарқыны байқалады. Дегенмен, бұл дамудың тек бір жақты болғанын бізге дейінгі көптеген тарихшылар айтып кеткендігін де есте ұстаған абзал. Әрине сол кездегі дамудан Қытай жағы пайданы көп көрді және оның одан алар үлесі де қомақты болды. Корей жерінен Қытай өлкесіне шығарылған тонналаған алтын-күміс және тағы да басқа бағалы заттар Корей экономикасына орны толмас шығын әкелді. Осыған орай сол кездегі ірі корей ойшылдарының Қытаймен экономикалық қатынасты емес, мәдени байланысты нығайту керек деп ұсыныс айтқа-

нын да атап кеткен жөн. Бұл байланыс Корей түбегі үшін ғылым мен техниканы дамытуға өз септігін тигізер еді. Бірақ та осы ұсыныстармен қатар, Қытайға табыну және «орталықтанған қытай» түсінігінен арылуға да баса назар аудару, мүмкіндігінше тірісу туралы да ұсыныстар жиі көтерілетін /1, 370/.

XIX ғасырдың басында Кореяда феодалдық құрылыс күйрей бастады. Осыған байланысты, таптық карама-қайшылықтар пайда болып, феодалдыққа қарсы ауқымды күрестер басталады. Осы ірі қозғалыстардың бірі Пхенан провинциясының солтүстік батысында 1811-1812 жылдары орын алған. Тура осы сынды қозғалыстардан алаңдай бастаған Корей үкіметі Цинь үкіметінен көмек сұрауға мәжбүр болады. Алайда, Қытай осынау өтінішке немқұрайлы қарап, небәрі жүз сарбазды жәрдемге жібереді. Көмекке келген әскер Корей үкіметі үшін ештеңе жасамады деп айтсақ та болады /2, 68/.

Корей түбегі үшін ең қауіпті кезең – 1866 жыл болды. «Елге кірген француз миссионерлері Кореяда өлтірілді» деген сылтаумен Франция Корей жағалауына өзінің әскерін жібереді. Пекин бұл басқыншылық саясат туралы алдын ала білсе де, ешқандай көмек көрсетпей, бейтараптық танытады. Осылайша сол кезге дейін өзін Кореяның «үлкен ағасы» ретінде көрсетіп келген Қытай қауіпті кезеңде ештеңеге қатысқысы келмейтінін ашық аңғартып, тайқып шыға келеді /1, 372/.

1875 ж. отарлау саясатына Жапония қосылып, 1876 ж. Корея өзінің мүддесіне қайшы келетін, теңдіктің лебі де байқалмайтын Канхва келісіміне қол қоюға мәжбүр болады. Бұл келісімді ұсынбас бұрын Жапония Қытайдың көзқарасын білу үшін Пекинге өзінің елшілерін жібереді.

1866 жылдағыдай Қытай бұл жолы да Кореяның саясатына ешқандай қатысым жоқ дегенді қайталап, бейтарап екенін мәлімдеген. Жапония болса мұндай жалтақтықты: «Қытай Кореяны отарлалуды көздемейді» деп, өз қалауынша қабылдаған.

Осы Канхва келісімі, Корея тарихында ғана емес, Корея мен Қытай қарым-қатынасындағы да аса маңызды кезең болып табылады. Бұл келісімнен кейіннен Қытай Кореяға қатысты саясатын түбегейлі өзгертеді. Қытайдың жоғарыда айтылған жылдары Кореяда болып жатқан түрлі оқиғаларға немқұрайлы қарауының басты себебі – Қытай бұл жылдары ханьдық емес ұлттарға қарсы күрес жүргізіп жатқандықтан, өз басымен әуре болған еді.

Қытай толығымен бір мемлекеттің қоластына біріктірілгеннен кейін барып, ол бұрындары өзіне тәуелді болып келген Кореяны қайтадан

есіне алып, басқа отаршыл мемлекеттермен Корея үшін қайтадан тайталасқа түседі.

Жапониядан кейін Корея АҚШ пен теңдестіктегі емес, өзіне тиімсіз келісімге қол қояды. Бұл келісім жөніндегі келіссөздер Қытайдың бақылауымен Тяньцзин қаласында өткізіледі. Қытай аталған келісімге «Корея – Қытайға тәуелді ел» деген ұғымды енгізгісі келгенімен, АҚШ бұған қарсылық көрсетеді. Алдан ала ойластырған қитұрқы қадамы сәтсіз болғаннан кейін Қытай өзінің саясатын дереу басқа бағытқа бұра қояды. Қытай Корея ванын өз мемлекетімен басқыншылық келісім жасасқан барлық елдерге: «Қытай императорының билігін мойындаймын» деген мазмұндағы хат жіберуге мәжбүрлейді. Осыдан кейін Кореяның ваны Қытай құрастырып берген «Кореяның шет елдерге қатысты саясаты» атты талаптарына қол қоюға мәжбүр болады. Қытай өзінің өктемдігі арқасында Кореяның сыртқы саясатын толығымен бақылауға алады. Сонымен қатар, Кореяның ішкі саясатына да араласа бастайды. 1882 жылы жазда Сеул қаласында халық отаршылдыққа қарсы көтеріліске шығады. Бұл жайлы білген Қытай ванның көмек сұрағанын күтпестен, Корея жағалауына 3 мың жауынгерден тұратын әскер күшін жібереді. Осылайша Қытай Кореядағы көтерілісті басуға көмектеседі. Содан кейін көтеріліс тағы да қайталануы мүмкін деген сылтаумен Кореяда өзінің әскерін қалдырып, сол арқылы көрші елдің бағыныштылығын басқа елдерге де байқатып ктеді /1, 375/.

1882 жылы Корея мен Қытай арасында «Теңіз және құқық» Ережесіне қол қойылады. Бұл Ережеде Кореяның Цинь империясына тәуелді екені тағы да қайталай айтылады. Қытай Сеул және Янхва қаласында, ал Корея тек Пекинде ғана сауда жасау құқығын иеленеді.

Қытайлықтарға қарсы корейліктер қылмыс жасаса, олардың ісін екі мемлекет бірігіп қарайтын болған. Корей шенеуніктері Қытай саудасынан шеттетілсе, қытай шенеуніктеріне ондай талапты ешкім қоя алмаған. Ереже бойынша Қытай сауда кемелері Корея жағалауында емін-еркін қозғала алған және өздерінің қауіпсіздігі үшін оның портты қалаларына ешбір кедергісіз кіре алған.

Тарихшылардың айтуы бойынша, бұл келісім Кореяны толығымен Қытайға тәуелді етеді. 1883 жылы Қытай мен Корея арасында тағы да бір келісімге қол қойылады.

Бұл келісім «Шэньцзин провинциясы және Корея арасындағы шекара саудасының 24 ережесі» деп аталады. 1882 жылы Цинь империясы Кореяға өзінің әскери кеңесшілерін жібереді, олармен бірге Кореяға Қытайдың қырық шенеунігі де келеді /1, 376/.

Көпе-көрнеу басқыншылық көріністер Корей халқының наразылығын тудырмай қоймады. Осындай бір халықтық көтерілістің басында атақты мемлекеттік қайраткер Ким Оккюн тұрды. 1884-1885 жылдары Қытайдың Франциямен екі арадағы соғыста жеңіліс табуы Кореядағы ұлт-азаттық көтерілісіне қосымша серпін әкеліп, көтерісшілерге жаңа бір күш пен жігер береді. Нәтижесінде Қытай Корея түбегінен өзінің әскерін кері шығаруға мәжбүрленген. Ким Оккюн бастаған көтерілісшілер 1884 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік төңкеріс жасайды. Көтерілісшілер ұсынған елді жаңарту бағдарламасында Қытайға төленетін салықтан толығымен бас тарту жайлы айтылған болатын. Алайда алғашында белсенділігімен көзге түскен топ мемлекет басында ұзақ отыра алмады. Күтпеген жерден елдің саясатына Қытай әскері араласады. Бастапқыда Қытай әскері хан сарайына басып кіруден бас тартқан болатын. Өйткені олардың қолында корей ванының ресми көмек сұрағаны жайлы ешқандай құжаты жоқ еді. Соған карамастан әскерді бастаған Юань Шикай карамағындағыларға хан сарайын шабуылдауға бұйрық береді. Осылайша Кореяны бірнеше күн ғана билеген Уақытша үкімет жеңіліс табады.

Осы жеңілістен кейін Қытай отарлау саясатына қарсы шығушылар өздерінің өктемдікке қарсылық қимылдарын барынша өрістетеді. Қытай Франциямен соғыста жеңіліс тапқаннан кейін Жапонияның талабымен Корей түбегінен әскерін шығару жөніндегі келісімге қол қояды. Кореядағы Қытай саясатының басымдығы аспан асты еліне сол мемлекетте жүріп-ақ экономикалық жағдайын жақсартып алуға қажетті мүмкіндіктер туғызады. 1882 және 1883 жылдардағы келісім бойынша қытай саудагерлері үшін Кореяда барынша қолайлы жағдайлар жасалады. Толығымен қытайлық саудагерлерінің бақылауында болған теңіз саудасы Қытай үшін көп кіріс әкеледі. Мысалы, 1886-1894 жылдар арасында кіріс көлемі бес есеге өскен болатын.

Қытайдағы Цинь империясы Кореяға қатысты билігінің өктемдігін көрсету саясатында капиталистік державалардың отарлау әдісін қолдануға тырысады. Осы мақсатта 1885 жылы Қытайға Сеул–Инчхон, Сеул– Ыйджу арасында телеграф желілерін тартуға құқық беретін келісімге қол жеткізеді. Бұл желілер кейіннен Қытайдың Фынхуан қаласымен байланыстырылуы керек болатын. Кеден басқармасы да Қытайдың толық бақылауында еді. 1890 жылы Цинь үкіметі Кореяның сырт елдермен қарыз туралы жасаған келісімшарттарының бәрі Пекиннің мақұлдауымен жүзеге асырылуы керек деп жариялайды. 1892 жылы Қытайдың өзі Кореяға күміспен жүз мың лян қарыз береді.

Осы қарыздың пайыздарын төлеп бітіргенше, Корей үкіметі кеденнен түскен пайданы басқару құқығынан айырылады.

Ресми түрде Цинь үкіметі Кореяның басқа елдермен қарым-қатынас орнатуына қарсылық көрсетпеген. Тек Ресеймен екі арадағы байланыс қан қадағаланған. 1882 жылы Корея мен Ресей арасында сауда келісіміне қол қоюға қарсы болып, бұл келісімге тек 1884 жылы ғана қол жеткізіледі. Ресей мен Корея арасының тым жақындап кетуінен қорыққан Қытай екі мемлекет арасында дүрдараздық тудыру саясатына қайтадан кіріседі. Мысалы, 1885 жылы Англия Кореяның Клмундо аралын заңсыз түрде басып алған кезде, Қытай бұл басып алуды заңсыз деп қабылдамай, тіпті басқыншыларға аралдың тиісті құжаттарын да дайындап беруге әзірлігін білдірген. Осы тұста Корея тек Ресейдің араласуынан соң барып қана аталған аралды алып қалған /1, 384/.

XIX ғасырдың 80-ші жылдарының басында Қытай мен Корея арасында шекара мәселесі туындайды. 1882 жылы Цинь үкіметі Кореяға елші жіберіп, заңсыз қоныстанған корейліктерді кері көшіріп алуды талап етеді. Бірақ Корея бұдан бас тартады. Корея өзінің тарихи деректеріне жүгініп, кезінде корейліктердің жері Туманган өзеніне дейін созылғанын дәлелдейді және Қытай тарапынан қойылып отырған талаптарды заңсыз деп табады. Қытай мен Корея арасындағы кейіннен Канда деп аталып кеткен Амноккан мен Туманган шекарасы жөніндегі тайталасты тартыс осылай басталған. 1885 жылы дау-дамай туғызып отырған аумақты екі жақ бірігіп зерттей бастайды. Екі жақтың елшілері екі ай бойы Туманган жағалауында жүріп, сол аймақтарды толықтай зерттеп, зерделеумен айналысады. Алайда бұл зерттеулер ешқандай нәтиже әкелмеді. 1887 жылы шекара комиссиясы қайта құрылып, екі жақ түрлі салалар байынша шекара сызығын жүргізуді ұсынады: Қытай жақ Согыльсу саласын ұсынса, корейліктер Хоньтхосу жақты ұсынады. Бірақ та аталған ұсыныстарға байланысты екі жақ бір тоқтамға келе алмайды /3, 79/.

Коджон ван шекараны зерттеуді қайта ұсынғанымен, Қытай тарапынан бұл ұсыныс қолдау таппайды. 1888 жылы Коджон ван өз кезегінде Қытайдың Гирин губернаторының Согыльсу саласы бойынша шекара сызығын жүргізейік деген ұсынысына қарсылық білдіреді.

Соған сай XIX ғасырдың 80-ші жылдары шекара мәселесі толығымен шешілмей, сол күйінде қалды десек те болады. Шекара мәселесіне қатысты түсінбестік ушығып тұрған кезді пайдаланған Қытай үкіметі Кандо аралындағы өз билігін нығайтуға белсене кіріседі. Осы провин-

цияға көшіп келемін деген қытайлық қоныстанушыларға барынша қолдау жасайды. Кандо аймағындағы корей тұрғындарынан салық жинаған корей үкіметіне Қытай өз наразылығын білдіріп, оны тоқтатуды сұрайды. Сонымен қатар Кореядан көшіп келушілерді тоқтатуға тырысады.

1876 жылғы Корей түбегіне Жапония мен Қытайдың таласуы екі ел арасындағы алапат соғысқа алып келді. Бұл соғыстың басты себебі – Қытайдың Кореяда болып жатқан көтерілісті басуға әскер жіберуі еді. Көтерілістің бастамасы кішкентай болса да, кейіннен өршіп кетуінен қорыққан Қытай 1894 жылы Кореяға өзінің әскерін жөнелтеді. Жапония осыны сылтауратып, сол жылдың жазында өзінің қарулы күштерін аттандырып, ван сарайын басып алады. Кореяның ішкі саясатына араласып жүрген Юань Шикай әйелдің киімін киіп, Сеулден қашып кетеді. Осылайша Корей түбегі тағы да талас-тартыс алаңына айналады. Деректерде көрсетілгендерге қарағанда, жапон әскері Корей түбегін оба жайлағандай жайпап өткен. Бұған қоса Қытай әскері де Корей түбегіне көп шығын әкелген болатын /3, 83/.

Қытай-Жапон соғысы Қытайдың жеңілуімен аяқталады. 1895 жылы екі ел Симоносек келісіміне қол қойып, бұл келісім бойынша Қытай Кореяның толық дербестегін мойындап, Кореяға келтірген шығынның есесін өтеу мақсатында корейліктерді Қытайға салық төлеуден түбегейлі босатады. Бұл келісім, шындап келгенде Кореяның тәуелсіздігін көрсетпейді. Керісінше Кореяны отарлаушы елдердің өзара орнын ауыстырғаны деп айтсақ қателеспейміз. Жапон – Қытай соғысынан кейін Қытайдың Кореяға қатысты ықпалы біртіндеп бәсеңдейді. Ұзақ келіссөздердің нәтижесінде 1899 жылы Қытай мен Корея арасында сауда келісіміне қол қойылады. Мағынасы бойынша бұл келісім осыған дейін басқа елдермен жасалған келісімдерге ұқсас болады. Аталған келісімнің тек бір жері ғана басқа келісімдерден өзгешелігімен ерекшеленетін. Қытай Кореядағы үстемдігін жоғалтып алғаннан кейін, бұл елмен экономикалық тұрғыдағы байланысын да тоқтатады. Қытай мен Корея арасындағы сауда өз қарқынымен дами берсе де, Кореяның өзге елдермен сыртқы сауда байланысындағы Қытайдың беделі әлсірей бастайды /1, 387/.

XIX ғасырдың соңына таман Қытай мен Корея арасында кезекті шекара мәселесі бастау алады. Бұған Кандо провинциясы тұрғындарынан түскен «Цинь империясының адамдары күн көрсетпей жатыр» деген шағымдар себеп болған. Қытай қарақшылары жергілікті корей ауылдарына жиі-жиі шабуылдар жасап, тонауды

жалғастырып келгені анықталады. Кей кездері бұл аймақта тіпті қарулы қақтығыстар да тіркеліп тұрады. Осыдан кейін Қытай және Корея шекарасындағы Кандо жеріне қатысты түсінбестік бұрынғысынан да асқынады. 1897 жылы Солтүстік Хамген провинциясының губернаторы үкіметтен аталмыш шекара мәселесі туралы құжаттарды толықтай қайта қарастыру туралы тапсырма алады. Құжаттардың бәрін көтеріп, қарағаннан кейін губернатор Чо Джонсик Кандо провинциясының Кореяға тиесілі екендігі туралы мәлімдеме жасайды. 1898 жылы дау-дамай тудырып отырған аймаққа екі корей шенеунігі барып, Пэктусан тауына көтеріліп, шекара тасы тұрған аймақтарды зерттегеннен кейін Туманган өзені екі ел арасындағы шекара бөлінісіне жатпайды дегеп мәлімдеме жасайды.

Кандо мәселесіндегі Кореяның ұстанымы 1899-1902 жылдар арасындағы Ихэтуан көтерілісі кезінде нығая түседі. 1902 жылы Корея Кандо провинциясына Ли Бомюн атты ішкі істер министрлігінің шенеунігін жібереді. Ли Бомюн осы сапарында Кандо провинциясында тұрып жатқан жергілікті корейліктерге санақ жүргізіп қайтады. Нәтижесінде қытайлықтардың сол жергілікті байырғы корей халқынан да салық жинап отырғандығы анықталады. 1903 жылы корейліктерден Сеулге Ли Бомюн жергілікті билікке қойылсын деген ұсыныс түсіріледі. Осылайша Ли Бомюн Кандо аймағының билеушісі болып тағайындалады /1, 390/.

Дегенмен жаңа жағдайларды ескергісі келмеген Цинь үкіметі алған бетінен қайтпаған еді. Өзінің осы аймақтағы билігін нығайту үшін 1902 жылы жаңа Яньцзы атты округ құрады. Сонымен қатар Кореяға өктемдігі жайлы бірнеше нота жібереді. Қытай үкіметінің қысымына шыдай алмаған кейбір корей шенеуніктері Кандо аймағынан көшіп кетуге мәжбүр болады. 1903 жылы Ли Бомюн өз әскермен қытай құрған Яньцзы округінің әкімшілігіне шабуыл жасағанымен, онысы оңды нәтиже бермейді.

Қытай және Корея арасында Кандо аймағынан басқа да аралдарға қатысты келіспеушілік бар еді. 1904 жылы Амнокканның жағалауында орналасқан Синдо аралына қатысты өзара хат алмасу жүргізіле бастаған. Синдо аралы Солтүстік Пхенан аймағына жататын. Осы аймаққа жақын қоныстанған қытайлықтар еш рұқсатсыз аталған жерде ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізген болатын. Өйткені олар бұл өңірді Қытайдың жері деп есептеп келген. 1906 жылы Амноккан мен Туманган өзенінің төменгі ағысында орналасқан тағы да бірнеше аралдарға қатысты кезекті дай-дамай пайда болған.

Орыс-Жапон соғысында жеңілген Жапония 1905 жылы Кореяға қатысты протекторат жа-

риялайды. Осы уақыттан бастап Қытай мен Кореяның арасындағы ресми байланыс шамамен 40 жылға тоқтап қалды деп айтсақ артықтық етпейді. Жапония Қиыр Шығысты одан ары қарай отарлау саясатын іске асыру мақсатындағы жоспарын жүзеге асыру үшін Қытай мен Корея арасындағы даулы аймақтарды пайдаланады. Кореяны өз қорғауыма алдым деп, Кандо аймағында өзінің резиденциясын орнатады. 1907 жылы Жапония Қытайға Кандо аймағына қатысты дауды толықтай шешуге ұсыныс жасайды. Алайда Қытай үкіметі бұны талқыға салудан бас тартады. Екі жақ та Кандо аймағында өзінің үстемдігін сақтап қаламыз деген мақсатпен осы өңірге өз әскерлерін жібереді /1, 391/.

Кандоға қатысты түсінбестік соңы тіптен шиеленісіп кетеді. Жапонияның отарлау саясатында Оңтүстік Маньчжурия темір жолын салу үлкен орын алған болатын. Егер де Қытай осы құрылысқа рұқсат етсе, біз Кандо аймағын беруге дайынбыз деп қарсы ұсыныс айтады. Ұзақ келіссөздердің нәтижесінде екі жақ 1909 жылдың 4 қыркүйек айында Пекин қаласында Кандо аймағына қатысты келісімге қол қояды. Бұл келісім бойынша екі елдің шекарасы деп Туманган өзені белгіленеді. Кандо аймағындағы өз резиденциясын кері шақырып алған Жапония оның орнына консульдық орнататыны жайлы мәлімдейді. Цинь үкіметі болса, Кандо аймағында тұрып жатқан корейліктерге қысым жасайтындықтарын жариялайды. Бірақ іс жүзінде осы өңірде тұратын халық Қытай билігінің астына өтеді деп айтылған /1, 392/.

1910 жылы Кореяның аннексиясы жарияланғаннан кейін аумақтық мәселелер қайтадан пайда болды. 1909 жылғы келісімде Пэктусан тауы жайлы мәселе болмаған еді. Таудың оңтүстік шығысында орналасқан тасты қытайлықтар өзінің шекара белгісі ретінде көрсетуі мүмкіндігі жоққа шығарылмаған. Дегенмен бұл тасты шекара белгісі ретінде Корея мойындамайды. Кореяның аннексиясы жарияланғаннан кейін Кандо аймағына Корей түбегінің солтүстік уездерінен жергілікті корейлер көптеп көшіп келе бастайды.

1911 жылы Қытайда болған Синхай революциясына корей ұлтшылдары үлкен үмітпен қарады. Өйткені олар республика ретінде құрылған Қытай Кореяның тәуелсіз мемлекет болуына көмектеседі деп ойлаған болатын. Осыған орай, эмиграциялық ұйымдардың белсенділігі барынша арта түседі. Кореяның көптеген ұйымдары Кандо аймағындағы Жапон резиденцияларына жиі-жиі шабуыл жасайды. Алайда Синхай революциясынан кейін Қытай билігіне келген үкімет корейліктердің сенімін ақтамады /1, 391/.

1913 жылы Янцзы қаласындағы корейліктер жергілікті үкімет ұйым құруға тыйым салды деп көтеріліске шығады. Бұл көтерілісті басу нәтижесінде 200 адам тұтқынға алынады. Сол жылдары Ресейде болған Ұлы Қазан революциясы Қытай мен Кореядағы азаттық қозғалысына жаңа бір серпіліс әкелді. Қытайдағы корей эмигранттары өздері тұратын елдегі еңбек етушілердің колониализмге қарсы шығуын қолдап отырған. Корейлік жұмысшылар да Қытай Коммунистік Партиясының жұмысына белсенді түрде араласа бастайды. 1927 жылы болған Кантон көтерілісіне де корейліктер көп қатысқан болатын. Кеңес үкіметінен келген әскери мамандардың саяси және әскери мектептерінде оқып жатқан корейліктер саны да арта түскенін сол кездердегі құжаттардан байқауға болады /1, 392/.

1925 жылдың маусым айында Корей генерал-губарнаторлығының басқармасы мен Шэньян полициясының бастығы өзара келісімге қол қояды. Бұл келісім бойынша Қытай үкіметі Кореяға қарулы корейліктерді кіргізбеуге, заңсыз корей эмигранттық ұйымдарын таратуға, олардың қару-жарағын тәркілеуге, сонымен қатар болған оқиға жайлы Жапон үкіметіне хабарлап отыруға келіседі. Бір айдан кейін бұл келісім Маньчжуриядағы жергілікті корейліктерге де бақылау орнату қажеттігімен толықтырылады.

Осы келісімді орындау барысында 1927-1928 жылдары Қытай милитаристері Қытайда тұрып жатқан корейлерді бақылауды нығайтып, шекара аймағын да қатаң қадағалауға алады. 1930 жылдары «Тона Ильбо» газетінде былай деп жазылған еді: «Жергілікті корейліктерге тіпті топтасып жиналуға рұқсат берілмейді. Тіпті көшеде өз туысыңды кездестіріп, сөйлесіп тұрсаң, тұтқындап алып кетеді. Бұл жерде корей халқы түрмеде жүргендей». Маньчжуриядағы мыңдаған корейліктер еш себепсіз тұтқынға алынып, қатаң жазалана бастайды /1, 393/.

Корей және қытай шаруалары бірігіп, бірнеше рет қытай милитаристері мен жапон отаршылдарына қарсы шығып, көтеріліс ұйымдастырған. Осындай көтерілістің ең ірісі 1930 ж. 30 мамырда Кандо аймағында болады. Алайда бұл көтеріліс те нәтижесіз аяқталып, ал оған қатысушылар қатаң жазаланып, көтерілісті ұйымдастырған 21 басшы Сеулде өлім жазасына кесіледі. Жұмысшылардың өзара ұйымдасуын болдырмау үшін жапон мен қытай үкіметі қытайлықтар мен корейліктердің арасына от салуға да тырысады. Жапон империалистері 1931 жылы Маньчжурияны басып алғаннан кейін, 1937 жылдан бастап Қытайдың ішкері аймақтарына дейін кіре бастайды. Осынау басқыншылыққа қарсы ұйымдастырылған партизан жасақтарында да, тіпті қызыл әскерде де корейліктер көптеп

кездескен. Қытай Коммунистік Партиясы агрессорларға қарсы күреске өз қол астындағы барлық ұлтты, оның ішінде корейлерді де жұмылдыруға тырысады. Дегенмен Қытай Коммунистік Партияның құжаттарында корей халқының ұлт-азаттық қозғалысының жеке мақсаттары жайлы ештеңе де көрсетілмеген. Кей кездері тіпті ұлы ханьдық шовинизмнің белгілері де байқалады /1, 393/.

1945 жыл Корей түбегіне көптен күткен тәуелсіздікті алып келді. Десек те, осы жылдар барысында өзара туындаған қырғиқабақ соғыстардың салдарынан Корей түбегінде бір емес, екі мемлекет құрылды. 1948 жылы КХДР-дың құрылуы Қытай үшін өзара қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашты. 1950-1953 жылдары болған Корей соғысында Қытай өз тарапынан КХДР-на көмек көрсетуге тырысты. Қазіргі күнге дейін Қытай сол жылдардағы Корей соғысында өзінің КХДР-ға тигізген көмегін айтып келе жатыр десек қателеспейміз. Өткен ғасырдың елуінші жылдары Қытайда кең танымал болған Мао Цзэдунның саясаты да КХДР-на өзінің әсерін тигізуге тырысты. 50-ші және 60-шы жылдар аралығындағы «Мәдени революция» кезінде Қытай тағы да Кореяның шекара мәселесін көтеріп, көптеген баспасөз беттерінде, әсіресе, «Қытай Халық Республикасының картасында» Пэктусан тауын өзінің жері ретінде көрсеткен болатын.

Тек 1970 жылы ғана оқшауланған саясаттан құтылғысы келген Қытай сыртқы елдермен қарым-қатынас орната бастады. Түрлі тұрғыдағы байланыс орнату үшін таңдалған алғашқы ел-

дердің қатарында КХДР болған еді. Мысалы, 1970 жылы Чжоу Эньлай өзінің шет елге сапарын осы Солтүстік Кореядан бастады. Осыдан кейін Пхеньянда көптеген дипломатиялық, сауда-экономикалық кездесулер ұйымдастырылды. 1978 жылы Пхеньянға КПК председателі Хуа Гофэн іссапармен келеді. Қытай-Жапон келісіміне қол қойылғаннан кейін бұл елге Дэн Сяопин де келді. Осы кезеңді ҚХР мен КХДР арасындағы қарым-қатынастың барынша жанданған кезі деп айтуға болады.

1. Китай и соседи. Сборник (Новое и новейшее время). - Москва, 1982. - 452 с.
2. Внешняя политика государства Цин в XVII веке. - Москва, 1977. - 122 с.
3. Кулик Б. Т. Советско-китайский раскол: причины и последствия. - Москва, 2000. - 560 с.
4. Ланьков Андрей Корейско-китайские отношения// <http://vestnik.tripod.com/articles/korea-china.html>

Корею и Китай связывают многолетние тесные отношения. Давним корейским государством приходилось держать мир с гигантской древней империи, которая оказывала очень сильное влияние на корейский полуостров. В данной статье говорится и течении политическо-дипломатических отношении Кореи и Китая с конца VII века – начала XX века.

Korea and China are linked long-term close relationship. Longtime Korean government had to keep the peace with a giant of the ancient empire, which has a very strong influence on the Korean peninsula. The article says, and within the political and diplomatic relations between Korea and China since the end of VII century - beginning of XX century.

Н.Т. Абдимомынов

ӨЗБЕК-ХАН БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ АЛТЫН ОРДАНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Өзбек-хан Алтын Орда тарихында оның атқарған қызметі орасан зор, тіпті оның билік еткен кезеңін Жошы ұлысының «алтын ғасыры» деп атауға болады. Ол, ең алдымен, исламды мемлекет дін ретінде бекітті және экономикалық саясат нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытты. Сондай-ақ, Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе отырып, Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы саяси-дипломатиялық байланыстарын нығайта түсті. Зерттеушілер бір ауыздан Өзбек-хан билігі кезінде Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты артып, дамуының шарықтау шегіне жеткенін мойындайды /1, 88/.

Тақырыпқа қарастыру үшін ең алдымен

Өзбек-ханның Алтын Орда билігіне келуі жөнінде біршама қарастырғанымыз дұрыс. 1281 ж. дүниеге келген Өзбек, Мөңке-Темірдің немересі, ал оның жолы болмаған ұлы Тоғырұлдың ұлы еді. Тоғырұл алғашқы кезде Төле-Бұға ханның және Алғұйдың «кіші» тең билеуші болған, бірақ, кейіннен ол Ноғай мен Тоқта-хан жасаған саяси қастандығы нәтижесінде қаза болған еді. Тоғырұлдың қазасынан кейін он жастағы Өзбек, Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» дерегіне сәйкес, анасы Келін-Байалын әрекеті нәтижесінде Солтүстік Кавказға (Шеркес уәлаяты) аттандырылып, билік үшін ішкі саяси таластар тартыстар біршама бәсеңдегенше сол аймақта паналаған. Ол жөнінде «Шыңғыс-намеде» былайша сипатталған: «Ол [Тоқтаға хан] өзі өлген-